

"Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 желтоқсанда № 33754 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.02.2024 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті қалыптастыру мыналарды:

1) шығындардың экономикалық негізділігін ескере отырып, олардың тарифте ескерілетін түрлері мен мөлшерлерін шектеуді;

2) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде айқындалған шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын қолдануды;

3) бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды айқындауды;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті және бақыланбайтын шығындарды бекітуді;

5) инвестицияланған капиталды қайтаруды және инвестицияланған капиталдың кірістілік нормасын, сондай-ақ субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде қолданысқа енгізілген активтерінің теңгерімдік құнын және осы Қағидаларға сәйкес есептелген пайда мөлшерлемесін ескере отырып пайданы айқындауды;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін айқындауды;

7) субъектілер қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін айқындауды;

8) тозуды есепке жазудың тікелей әдісін қолдануды;

9) инвестициялық бағдарламаны бекітуді;

10) электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі бойынша тарифті айқындаудың ерекшеліктерін көздейді.

Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілерді тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифтерді қалыптастыру және бекіту осы Қағидалардың 18-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.";

2-тарауда:

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Осы Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістері ескерілген тарифті есептеу тетігі:

табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің шығындық әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

индекстеу әдісін қолдану ескерілген тарифті есептеуді;

жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау әдісін қолдану ескерілген тарифті есептеуді айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1 – параграфпен толықтырылсын:

"3-1 параграф. Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеу"

1-бөлім. Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеудің ерекшеліктері

1-кіші бөлім. Жалпы ережелер

208-1. Осы ынталандыру әдісі электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сондай-ақ топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су айдындарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының,

кәріздік-тазарту құрылысжайларының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілерге қолданылады.

208-2. Тарифтер субъект үшін ұзақтығы бес және одан астам жыл болатын реттеу кезеңіне бекітіледі. Тарифтер реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынғаны үшін жол берілетін кірісті өтеу үшін есептеледі.

208-3. Реттеу кезеңінің әрбір жылы ішінде жыл сайынғы түзету қолданылады. Жыл сайынғы түзету тарифті бекіту кезінде пайдаланылатын осы Қағидалардың 208-151-тармағына сәйкес бекітілген және нақты көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды айқындайды. Келесі реттеу жылына бекітілген тариф осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес жыл сайынғы түзету тәртібіне сәйкес өзгертіледі.

208-4. Реттеу кезеңі деп уәкілетті органның ведомствосы белгілейтін, субъектінің жол берілетін кірісі белгіленетін кезең түсініледі.

208-5. Реттеу жылы деп бекітілген тариф қолданысқа енгізілген күннен басталатын 12 ай түсініледі.

208-6. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын және бақыланбайтын шығындарды орындамағаны үшін уақытша өтемдік тариф Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-кіші бөлім. Тарифті бекітуге арналған өтінімді қарау

208-7. Реттеу кезеңі жыл сайын әр жылғы 1 шілдеден басталады.

208-8. Субъект реттеу кезеңі басталғанға дейін жүз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 143-қосымшаға сәйкес тарифтерді нысандар бойынша тарифтерді бекітуге арналған өтінім береді. Өтінім электрондық нысанда "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы ұсынылады және осы Қағидаларға сәйкес ұсынылатын жол берілетін кірістің барлық құрауыштарын, ұсынылатын тарифтерді қамтиды.

208-9. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді ұсынған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде оны қарайды.

208-10. Өтінімге мыналар қоса беріледі:

- 1) тарифтің (не салалық ерекшеліктер ескерілген прејскуранттың) жобасы;
- 2) тарифті бекітудің қажет екені туралы анықтама-негіздеме;
- 3) инвестициялық бағдарламаның жобасы немесе бекітілген инвестициялық бағдарлама;
- 4) алдыңғы күнтізбелік екі жыл үшін қаржылық есептілік;
- 5) мынадай:
қаржы-шаруашылық қызмет туралы, инвестициялық қызмет туралы;

мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен нысандар бойынша негізгі қорлардың жай-күйі, жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша және алдыңғы күнтізбелік екі жылғы еңбек бойынша жұмыскерлер жалақысының мөлшері туралы есептер;

б) пайданың есептемесі;

7) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің және техникалық ысыраптардың есептемелері;

8) қарыз ресурстарды қаржыландыру және өтеу шарттары туралы растайтын құжаттар;

9) субъектінің жобалық қуаты және оның нақты пайдаланылуы туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемін растайтын құжаттар (реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты көлемдері көрсетілген шарттар тізілімі, реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің төмендеуін растайтын құжаттар, субъектінің сапалы жалпыға бірдей қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктері негізге алынған реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің есептемелері, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдердің азаюына жол берілмеуі, тұтынушылық сұраныстарды маркетингтік зерттеу материалдары);

11) негіздеуші материалдар қоса берілген, осы Қағидаларға 143-қосымшаның 9-нысанына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің және субъект қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобалары.

208-11. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей қоса беріліп отырған есептемелердің және негіздеуші материалдардың толықтығын тексереді және өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе осы Қағидалардың 208-13-тармағына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып, оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша түрде субъектіні хабардар етеді.

208-12. Осы Қағидалардың 208-10-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілетін есептемелер мен негіздеуші материалдарды субъект реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

208-13. Өтінімді қабылдаудан бас тартуға:

1) субъектінің осы Қағидалардың 208-10-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 208-12-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу негіз болып табылады.

208-14. Егер өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны субъектіден жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

Бұл ретте, уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде қосымша ақпараттың ұсынылмауы, уәкілетті орган ведомствосының субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-15. Уәкілетті органның ведомствосы субъект ұсынған тариф жобаларын жария тыңдаулар өткізу кезінде талқылауға шығарады.

Жария тыңдаулар рәсімін тариф бекітілген кезде Қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы жүргізеді.

208-16. Уәкілетті органның ведомствосы талдау жүргізу арқылы субъект ұсынған негіздеуші құжаттармен және есептемелермен қоса берілген тариф жобасын қарайды және шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын тариф жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды қалыптастырады

Бұл ретте, уәкілетті органның ведомствосы тиісті шығындарды тарифте ескерілетін шығындар тізбесіне, осы Қағидаларға сәйкес Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес түзетеді.

208-17. Уәкілетті органның ведомствосы субъект тарифінің жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде тарифтің қолданылу мерзімін көрсете отырып, оны бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

208-18. Уәкілетті орган ведомствосының тарифті бекіту немесе тарифті бекітуден бас тарту туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы субъектіге жібереді.

208-19. Субъект тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді және күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына тұтынушыларды тарифтің енгізілгені туралы хабарландыру фактісі туралы ақпарат ұсынады.

208-20. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтерді оларды бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады

208-21. Бекітілген тарифтер осы Қағидалардың 208-7-тармағында көрсетілген мерзімде күшіне енеді.

3-кіші бөлім. Инвестициялық бағдарламаны әзірлеуге және тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, оны өзгертуге қойылатын талаптар

208-22. Инвестициялық бағдарламаның жобасына инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш беру кезінде орындалған іс-шаралар енгізілмейді.

208-23. Субъектінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленеді және онда мыналарға:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, жаңа активтерді құруға;

2) энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар көзделеді.

208-24. Инвестициялық бағдарламаны жоспарлау және қалыптастыру Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес субъект әзірлейтін субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесінің негізінде жүзеге асырылады.

208-25. Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы осы Қағидалардың 343-тармағында көзделген өлшемшарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес келетін іс-шаралардың мазмұнымен әзірленеді.

208-26. Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

208-27. Инвестициялық бағдарлама неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды, энергия аудиті негізінде әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ескере отырып қалыптастырылады.

208-28. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару:

бар борыштық міндеттемелер есебінен;

жаңа борыштық міндеттемелер есебінен;

амортизациялық аударымдардан және жол берілетін пайдадан ақша ағындары есебінен;

гранттар есебінен;

капитал құю немесе акциялар шығару есебінен жүзеге асырылады.

208-29. Инвестициялық бағдарламаның құрамына пайыздық төлемдер мен қарыздың негізгі сомасын өтеуді қоса алғанда, бар және болжамды борыштық міндеттемелерге қызмет көрсетуге арналған шығындарды бағалау және болжау кіреді.

208-30. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру мынадай тәсілдермен айқындалады:

1) реттеліп көрсетілетін қызметке болжамды амортизациялық аударымдардың ең аз үлесі күрделі шығындарды ақшалай қаржыландыруға немесе күрделі шығындарды қаржыландыру мақсатында пайдаланылатын борышқа қызмет көрсетуге қосылады;

2) болжамды жол берілетін пайданың ең аз үлесі күрделі шығындарды ақшалай қаржыландыруға немесе күрделі шығындарды қаржыландыру мақсатында пайдаланылатын борышқа қызмет көрсетуге қосылады.

208-31. Осы Қағидалардың 208-30-тармағында көрсетілген ең аз үлестерді уәкілетті органның ведомствосы субъект ұсынған материалдар негізінде айқындайды. Ең аз үлестер амортизацияның болжамды нормасының 100%-ы деңгейінде және болжамды жол берілетін пайданың 50%-ы деңгейінде белгіленеді.

208-32. Субъектілерге мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеусіз негізде бөлінетін гранттар тарифтің шығынды бөлігінде есепке алынбайды.

208-33. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне өтуге байланысты субъект бұрын қолданыста болған инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау бойынша аяқталмаған міндеттемелерді ескере отырып, инвестициялық бағдарламаның жобасын қалыптастырады.

208-34. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне өтуге байланысты бұрын қолданыста болған инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі бойынша бірінші реттеу кезеңіне инвестициялық бағдарламаның жобасына қосылады.

4-кіші бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны қарау және бекіту

208-35. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімді тарифті бекітуге арналған өтініммен бір мезгілде электрондық нысанда "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы:

Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға бір мезгілде;

осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді қоспағанда, Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның ведомствосына және жергілікті атқарушы органға бір мезгілде ұсынады.

208-36. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидаларға 143-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы;

2) іске асырылатын технологиялық және техникалық іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, инвестициялық бағдарлама жобасының тиімділігін есептеу, оның ішінде субъектінің технологиялық процесін басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізу және (немесе) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған

жүйелері, технологиялық басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу көзделетін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасы жобасының тиімділік көрсеткіштері;

3) сатып алынатын негізгі құралдардың, баға деңгейін салыстырмалы талдауды қоса бере отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын көрсетумен, инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық шығындар туралы ақпарат, оның ішінде осындай жұмыстарды, жиынтық сметалық есептерді, объектілік, жергілікті және ресурстық сметаларды әрбір объект бойынша жеке-жеке жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растау, бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама (болған жағдайда);

4) осы Қағидалардың 208-28-тармағында көрсетілген қаражатты тарту туралы растайтын құжаттар;

5) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылса, оны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар;

6) субъектінің тарифтік сметасының жобасын қоса бере отырып, инвестициялық бағдарлама жобасының іске асырылу кезеңінде оның тарифтеріне әсер ету болжамы;

7) электр энергиясын беру саласында көрсетілетін қызмет ұсынатын субъектілер үшін техникалық сараптама қорытындысы;

8) "Энергия аудитінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 391 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10958 болып тіркелген) нысан бойынша субъектінің бірінші басшысы бекіткен энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

208-37. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын ол бекітуге ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

208-38. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы субъектіні және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органды және (немесе) жергілікті атқарушы органды оны қарауға қабылдағаны не осы Қағидалардың 345-тармағында көзделген жағдайларда оны қабылдаудан бас тартқаны туралы жазбаша хабардар етеді.

208-39. Егер инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы оны жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады. Бұл ретте өтінімге талдау жүргізу мерзімі қажетті ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

208-40. Уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде қосымша ақпарат бермеу, уәкілетті орган ведомствосының осы субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

208-41. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасын алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей инвестициялық бағдарлама жобасының технологиялық негізділігі тұрғысынан тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен жобаны бірлесіп талқылауды жүргізеді.

Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау нәтижелері бойынша тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

208-42. Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен талқылау қорытындысы бойынша осы Қағидалардың 343-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін және (немесе) негіздеуші деректермен расталмайтын іс-шаралар анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасына ескертулер береді. Бұл ретте өтінімге талдау жүргізу мерзімі уәкілетті орган ведомствосының ескертулері жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

208-43. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасына мыналар:

энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының немесе тиісті саланың даму басымдықтарына сәйкес келмеуі;

ұсынылатын іс-шаралардың орынсыздығы;

негіздеуші құжаттармен расталмауы;

технологиялық немесе экономикалық тиімсіздігі;

қаржыландыру көзімен қамтамасыз етілмеуі;

амортизациялық аударымдардан қаржыландырудың ең аз үлесіне және жол берілетін пайдаға сәйкес келмеуі;

Қазақстан Республикасының немесе инвестициялық бағдарлама іске асырылатын өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне сәйкес келмеуі туралы ескертулерді көрсетеді.

208-44. Субъект күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде уәкілетті орган ведомствосының ескертулерін ескере отырып, пысықталған инвестициялық бағдарламаны ұсынады.

208-45. Инвестициялық бағдарламаның пысықталған жобасы ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының ескертулерін ескере отырып, амортизациялық аударымдардың сомасы және инвестициялық бағдарлама жобасы іс-шараларының бір бөлігін іске асыру үшін болжамды қаражаттың тиісті мөлшеріне пайда алып тасталады.

208-46. Егер субъект ұсынған инвестициялық бағдарлама жобасын қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы оны өзгертуді жүргізген жағдайда, өзгеріс туралы шешім қабылдау алдында тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның қатысуымен келісу мақсатында кеңес өткізіледі, оның қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарлама жобасын өзгертудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оны уәкілетті органның ведомствосы тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның атына субъектінің инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы шешімнің жобасымен бірге жібереді.

208-47. Инвестициялық бағдарламаны бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен ресімделеді.

208-48. Инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту тарифті бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады және Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5-кіші бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту

208-49. Субъект уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бір мезгілде тарифті өзгертусіз, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен ағымдағы реттеу жылының 1 қаңтарынан кешіктірмей жүгінеді.

208-50. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны түзету үшін мыналар:

- 1) ұлттық немесе өңірлік саясаттағы, сондай-ақ даму жоспарларындағы өзгерістер;
- 2) болжамдарға қатысты электр энергиясына, суға және жылытуға нақты ұсыныспен сұраныстағы өзгерістер;
- 3) еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
- 4) бекітілген инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі мен құнындағы өзгерістер;
- 5) анықталған қажеттілікті қанағаттандырудың неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтау;

б) инвестициялық бағдарлама шеңберінде іс-шараларды іске асыру кезінде мерзімдердің кешігуі негіз болып табылады.

208-51. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге арналған өтінішке осы Қағидалардың 363-тармағына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

208-52. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларда көзделген тәртіппен субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы өтінішін қарайды.

208-53. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы жобаны ол ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және субъектінің өзгертілген инвестициялық бағдарламасының жобасын бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау нәтижелері бойынша тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

208-54. Өзгертілген инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен ресімделеді.

208-55. Субъект субъектіге тәуелді емес себептер бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамаған жағдайда (шарттың екінші тарапының міндеттемелерін орындамауы, еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан), бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдері келесі күнтізбелік жылға, оларды іске асыру жылынан кейінгі жылғы 1 мамырға дейін ауыстырылады. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдерін қайта ауыстыруға жол берілмейді.

208-56. Субъект инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылатын жылдан кейінгі жылғы 15 ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның мекенжайына осы Қағидалардың 208-55-тармағында көзделген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтініш жібереді.

208-57. Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган 15 наурызға дейінгі мерзімде уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

208-58. Субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен жылдың 1 мамырынан кешіктірілмейтін мерзімде ресімделеді.

2-бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифті қалыптастыру тетігі

1-кіші бөлім. Жол берілетін кіріс

208-59. Субъектінің жол берілетін кірісі реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ALR_t = COP_t + UOP_t + DEP_t + ROC_t,$$

мұндағы:

ALR_t

– субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін реттеу кезеңі ішінде алатын жол берілетін кірісі;

COP_t

– субъектінің реттеу кезеңінің t жылы ішінде алатын есептік бақыланатын операциялық шығысы;

UOP_t

– субъектінің реттеу кезеңінің t жылы ішінде алатын бақыланбайтын шығындарының болжамы;

DEP_t

– субъектінің реттеу кезеңінің t жылы ішінде реттелетін активтерден алатын амортизациялық аударымдары;

ROC_t

– субъектінің реттеу кезеңінің t жылы ішінде алатын жол берілетін пайдасы.

208-60. Бекітілген орташа базалық тариф реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

$$BAT_t = \frac{ALR_t}{VOF_t},$$

мұндағы:

BAT_t

– реттеу кезеңінің t жылындағы бекітілген орташа базалық тариф;

VOF_t

– реттеу кезеңінің t жылындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі.

208-61. Жол берілетін кіріс реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша шығындарды өтеуді және субъектінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталған пайданы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды алуды қамтамасыз етеді. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру жеткіліксіз болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы жол берілетін кірісті ұлғайту жағына қарай түзету мүмкіндігін қарайды.

208-62. Егер Қағидаларда өзгеше айқындалмаса, тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне көшуге байланысты субъектінің алдыңғы реттеу кезеңі бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелері бірінші реттеу кезеңіне өтеді.

3-бөлім. Операциялық шығындар

1-кіші бөлім. Операциялық шығыстарды есепке алу қағидаттары

208-63. Жол берілетін кіріске енгізілген операциялық шығыстар субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға жататын тиімді шығыстарының болжамын білдіреді.

208-64. Субъект тариф жобасын (кірістер мен шығыстар туралы ақпарат) қалыптастыру кезінде шығындарды бақыланатын және бақыланбайтын шығындарға бөледі.

208-65. Негізгі қызметпен байланысты емес мақсаттар үшін бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды пайдалануға жол берілмейді.

208-66. Бақыланбайтын шығындарға мынадай:

- 1) стратегиялық тауарларға және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтерге шығындар;
- 2) тиісті салада (салада) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептемелеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейімен байланысты шығыстар;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған сақтандырудың міндетті түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар жатады.

208-67. Мемлекеттік бюджетке төленетін айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұлдар бақыланбайтын шығыстарға жатпайды.

208-68. Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған бақыланбайтын шығындарға жатпайтын шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған бақыланатын шығындарға жатады.

208-69. Егер уәкілетті органның ведомствосы өзгеше айқындамаса, барлық өзге шығыстар бақыланатын шығыстар болып табылады.

208-70. Реттеу кезеңінің бірінші жылының шығындарын қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

208-71. Тарифті қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес субъект Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына сәйкес әзірлейтін субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесінің негізінде жүзеге асырылады.

208-72. Субъектілерге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тарифтің шығын бөлігінде есепке алынбаған шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

2-кіші бөлім. Бақыланбайтын шығындарды есептеу

208-73. Келесі реттеу кезеңіне тариф бекітуге арналған өтінім шеңберінде субъект уәкілетті органның ведомствосына келесі реттеу кезеңінің әрбір жылына бақыланбайтын шығындардың болжамын ұсынады. Бақыланбайтын шығындар болжамы өтінім бергенге дейінгі соңғы күнтізбелік жылғы нақты деректерді талдауды ескере отырып, негіздемелермен, есептеулермен, растайтын құжаттармен және мәліметтермен бірге реттеу кезеңіндегі санаттар бойынша қалыптастырылады.

208-74. Субъект ұсынған бақыланбайтын шығындар болжамын қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

208-75. Уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуы бойынша белгілеген мерзімдерде тиісті ақпаратты бермеу уәкілетті орган ведомствосының субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-76. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындардың болжамын қарайды және оны субъект ұсынған редакцияда немесе ол енгізген өзгерістермен жалпы тарифті айқындау шеңберінде бекітеді. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындар болжамын белгілеген кезде:

1) растайтын құжаттардың, есептемелер мен мәліметтердің болмауы және/немесе көлемі толық болмауы;

2) технологиялық немесе экономикалық тиімсіздігі;

3) алдыңғы күнтізбелік жыл үшін болжамды және нақты мәндер арасындағы айырмашылыққа сәйкес іске асырылмауы кезінде субъект болжамына өзгерістер енгізеді.

208-77. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындар болжамын бекіту кезінде субъект ұсынған растайтын құжаттарды, есептемелер мен мәліметтерді талдау негізінде шешім қабылдайды.

208-78. Реттеу кезеңі ішінде бекітілген және нақты бақыланбайтын шығындар арасындағы айырмашылық осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес жыл сайынғы түзету тетігінің көмегімен айқындалады.

3-кіші бөлім. Бақыланатын шығындарды есептеу

208-79. Реттеу кезеңінің басында есептелген және реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін жол берілетін кіріске енгізілген бақыланатын шығыстар База - Ауқым - Серпін өлшемшарттарына сәйкес төмендеу тәсілі пайдаланыла отырып айқындалады.

База - Ауқым - Серпін жол берілетін кірістің бақыланатын шығындарының құрауышын айқындау үшін қолданылатын өлшемшарт болып табылады.

208-80. Субъект бақыланатын шығыстарға арналған пайдаланылмаған қаражаттың белгілі бір көлеміне дербес билік етеді.

208-81. Бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылының бақыланатын шығыстары егжей-тегжейлі талдау жүргізу жолымен айқындалған және инфляцияның нақты деңгейін ескере отырып, осы Қағидаларда белгіленген қағидаттарға сәйкес өтінім берудің алдындағы күнтізбелік жылғы нақты шығындардың көрсеткіштері (параметрлері) бойынша қабылданады.

208-82. Келесі реттеу кезеңдерінің бірінші жылының бақыланатын шығындары осы Қағидаларда белгіленген қағидаттарға сәйкес егжей-тегжейлі талдау жүргізу арқылы өтінім берудің алдындағы алдыңғы реттеу кезеңінің соңғы екі жылындағы нақты шығындардың көрсеткіштері (параметрлері) ескеріле отырып қабылданады.

Бұл шығындар өтініш берудің алдындағы алдыңғы реттеу кезеңінің соңғы екі жылындағы бақыланатын шығындардың жалпы көрсеткіштері серпінінің орташа мәнінің коэффициентіне, осы жылдарға арналған нормативтік анықтамаға енгізілетін тиімділік коэффициентін ескере отырып түзетіледі.

208-83. Бірінші реттеу кезеңінің нормаланатын бақыланатын шығындарын уәкілетті органның ведомствосы базалық жылға субъектінің шығындарын талдау негізінде, соңғы күнтізбелік жылғы нақты расталған бақыланатын шығындарды талдауды негізге ала отырып, бірақ өнім бірлігін өндіру үшін шикізатқа, материалдарға, отынға және энергияға қажеттілік деңгейінен асырмай, тиісті салада қолданылатын нормалар мен стандарттарды және субъект тарифті бекітуге арналған өтінімді бергенге дейін сатып алынған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаларды негізге ала отырып айқындайды.

Бақыланбайтын шығындар деп есептелетін шығыстар осы Қағидаларға сәйкес бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылының айқындалатын құнына (мәніне) енгізілмейді.

208-84. Субъект тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Заңның 23-бабына сәйкес жүзеге асырады.

208-85. Субъект тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесімен интеграцияланған электрондық сатып алудың электрондық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

208-86. Бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылындағы персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар субъект персоналының нормативтік саннан аспайтын нақты санына және өтім берудің алдындағы жылға статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) орташа айлық номиналды жалақыны негізге ала отырып айқындалады.

208-87. Ауқымның өзгеруіне байланысты шығыстардағы өзгерістерді ескере отырып, ауқымды өзгерту жөніндегі ұсыныстарды субъект міндеттемелерді өзгертудің қажет екенін немесе үшінші тарап немесе мемлекеттік орган енгізген өзгерістің басқа себебін растаумен, түсіндірме жазбаны және осындай мәндердің өзгергені туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып береді.

208-88. Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға мүлікті өтеусіз пайдалануға алған кезде оны теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан алу бақыланатын шығындардың ауқымын өзгерту үшін негіз болып табылады.

208-89. Реттеу кезеңінің әрбір келесі жылының жол берілетін бақыланатын шығыстары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткішін ескере отырып түзетілген бірінші жылдың мәнін көбейту арқылы есептеледі.

208-90. Серпін шамасы реттеу кезеңінің бірінші жылын қоспағанда, реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай мәндер:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы ескеріліп есептеледі. Егер ресми болжам диапазон түрінде көрсетілсе, онда диапазонның орташа нүктесі қолданылады;

2) уәкілетті орган ведомствосының шешімі бойынша реттеу кезеңіндегі өнімділікті арттыру есебінен шығындарды төмендетудің есептеу қарқыны ескеріліп есептеледі, мұнда теріс мән көрсеткіштердің жақсаруын білдіреді.

208-91. Еңбек өнімділігін арттыру есебінен шығындарды азайтудың есептемелік көрсеткіші субъектіге еңбек тиімділігі мен өнімділігін арттыру үшін қосымша ынталандыруды қамтамасыз етеді.

208-92. Өнімділікті арттыру есебінен шығындарды азайту көрсеткішінің қолданылатын мәні жылына азайту -2%-ды құрайды, мұнда теріс мән өнімділіктің жақсаруын білдіреді.

4-кіші бөлім. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп

208-93. Жыл сайын реттеу кезеңінде әрбір жыл аяқталғанға дейін жылдың 1 мамырынан кешіктірмей субъект уәкілетті органның ведомствосына, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға осы Қағидалардың 145-тармағына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті бір мезгілде "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда мынадай мәліметтерді:

1) инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары, көздері және мөлшері туралы ақпаратты;

2) инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін осы Қағидаларға 144-қосымшаға сәйкес нысаналы көрсеткіштер тізбесіне сәйкес инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпаратты ;

3) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерінің негіздерін;

4) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалуын растайтын материалдарды (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, теңгерімдік және қалдық құнын, қызмет ету мерзімін , жылдық амортизацияны көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілік тізбесі) көрсете отырып, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті ұсынады.

6-бөлім. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы және тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, субъектілер үшін амортизацияға түзету

1-кіші бөлім. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы

208-94. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы субъект ол бойынша амортизациялық аударымдар сомасын және жол берілетін пайда алатын активтер құнын көрсетеді.

208-95. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын қажетті активтер қосылады.

208-96. Субъект өзінің аудиттелген қаржылық есептілігіне қолданысқа енгізілген активтерді қайта бағалауды немесе басқа түзетулерді қоса алғанда, қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына қосылған активтердің құнын тиісінше көрсетуге жауапты болады.

208-97. Бірінші реттеу кезеңі үшін осы тарауға сәйкес тариф белгілеудің ынталандыру әдісі қолданылған жағдайда, қолданысқа енгізілген активтердің бастапқы реттелетін базасы бірінші реттеу кезеңінің басталуының алдындағы күнге аудиттелген қаржылық есептілікте тіркелген активтердің қалдық құнының сомасын білдіреді. Реттеу кезеңінің басындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы алдыңғы реттеу кезеңінің жабылу күніндегі активтердің қалдық құнының сомасын білдіреді.

208-98. Әрбір реттеу кезеңі үшін кезең ішінде әр жыл үшін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының ашылуы мен жабылуы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RAB_t = RAB_{t-1} - DEP_t - DIS_t + CPA_t,$$

мұндағы:

RAB_t

– t жылы жабылу күніне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы, теңге;

RAB_{t-1}

– t-1 жабылу күніне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына балама болатын, t жылы қолданысқа енгізілген активтердің бастапқы реттелетін базасы, теңге;

DEP_t

– субъектінің реттелетін кезеңнің t жылы ішінде реттелетін активтерден алатын амортизациялық аударымдары, теңге;

DIS_t

– активтерді басқа тараптарға сату, беру немесе есептен шығарудың болжамды шамасымен байланысты субъектінің ақпараты негізінде уәкілетті органның

ведомствосы айқындаған t жылындағы активтердің шығуының болжамды құны, теңге;

CRA_t

– бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес t жылы пайдалануға енгізілетін активтердің болжамды құны.

208-99. Активтер пайдалануға берілген күнге дейін аяқталмаған болып саналады. Аяқталмаған активтерге амортизациялық аударымдар немесе жол берілетін пайда есептелмейді, бірақ қажет болған кезде пайыздық шығыстар капиталдың орташа өлшемді құнын есептеуде қолданылатын борыш құны бойынша пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып капиталдандырылады.

208-100. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын есептеу мақсаты үшін активтерді қайта бағалауға жол берілмейді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын активтер уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуі кезінде қолданысқа енгізілген активтерді субъектінің шығаруы уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

208-101. 208-151-тармаққа сәйкес жыл сайынғы түзету шеңберінде реттелетін жылдың соңындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын және келесі жылдың басындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын қайта есептеу жүргізіледі. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қарау қорытындылары бойынша қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы инвестициялық бағдарламаның нақты орындалу сомасына түзетіледі.

208-102. Реттелетін жылдың басына қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын есептеуде осы жыл ішіндегі күрделі шығындардың сомасы қосылады.

208-103. Бір жыл ішінде амортизацияға түзету қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын қайта есептеу ескеріле отырып қайта қаралады. Амортизациялық аударымдардың бастапқы бекітілген және қайта есептелген шамасы арасындағы айырма жыл сайынғы түзетуге енгізіледі.

208-104. Есептік жылдан кейінгі жылы алдыңғы есептік жылдың соңындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы амортизациялық аударымдарды қайта есептеуді ескере отырып, есептік жылғы нақты күрделі шығындар мен есептік жылдан кейінгі жылғы болжамды күрделі шығындарды ескере отырып түзетіледі.

2-кіші бөлім. Капиталдың орташа өлшемді құны

208-105. Капиталдың жол берілетін пайдасы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы құнының және капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде айқындалады.

208-106. Капиталдың орташа өлшемді құнын әрбір реттеу кезеңі үшін уәкілетті органның ведомствосы субъектінің ұсынған есептері мен ақпараты негізінде айқындайды.

208-107. Капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу әдістемесі осы Қағидалардың 208-108-тармағына сәйкес формула бойынша есептеледі. Бұл ретте капиталдың орташа өлшемді құнының шамасы әрбір субъект үшін жеке айқындалады.

208-108. Капиталдың орташа өлшемді құны мынадай формула бойынша салық төлегеннен кейінгі номиналды құнды пайдалана отырып есептеледі:

$$CBCK=DEBT \times(1-T) \times GEAR+EQUY \times(1-GEAR), \text{ мұндағы:}$$

CBCK

– субъект капиталының орташа өлшемді құны, %;

DEBT

– қарыз капиталдың құны, %;

T – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі, %;

GEAR

– меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы;

EQUY

– меншікті капиталдың құны, %.

208-109. Меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің қарыз капиталының құнын борыштың жиынтық құнынан және кәсіпорынның меншікті капиталынан үлес ретінде көрсетеді.

208-110. Меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің ол бойынша толық деректер бар соңғы жылғы меншікті және қарыз капиталының нақты арақатынасына тең.

Меншікті және қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің борыштық міндеттемелерінің құнын борыштың және кәсіпорынның меншікті капиталының жиынтық құнының үлесі ретінде көрсетеді және мынадай формула бойынша есептеледі :

$$GEAR= D/(D+E), \text{ мұндағы:}$$

GEAR – субъекті қарыз капиталының үлесі;

D – жиынтық салынған капиталдағы қарыз капиталының (борыштың) шамасы;

E – жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы.

208-111. Егер нақты арақатынас осы субъектіде қолданылатын қаржыландыру құрылымы үшін тиімсіз болып табылса, уәкілетті органның ведомствосы субъектінің

нақты коэффициентінен ерекшеленетін меншікті және қарыз капитал арақатынасының коэффициентін белгілейді.

208-112. Субъектінің меншікті және қарыз капиталының тиімді болып табылатынын айқындау кезінде уәкілетті органның ведомствосы мыналарды:

1) Қазақстан Республикасындағы басқа субъектілерге қатысты қолданылатын меншікті және қарыз капиталдың арақатынасын;

2) Қазақстан Республикасы үшін экономикалық, климаттық немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ұқсас елдердегі реттеуші органдар қолданатын меншікті және қарыз капиталдың арақатынасын бағалау тәсілін;

3) жалпыға қолжетімді деректер жиынтығын пайдалана отырып, электр энергетикасы, жылу энергетикасы және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы субъектілер үшін қаржыландырудың тиімді құрылымдарын ескереді.

208-113. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

208-114. Қарыз капиталының құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DEBT = RFR + DRP$$

, мұндағы:

DEBT

– қарыз капиталының құны;

RFR

– тәуекелсіз мөлшерлеме;

DRP

– борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

208-115. Тәуекелсіз мөлшерлеме Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ағымдағы базалық мөлшерлемесіне сәйкес белгіленеді.

208-116. Борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы субъектінің қарыздары мен базалық мөлшерлеме бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырмашылықты білдіреді және субъектіге кредит берумен байланысты қосымша тәуекелді, демек, кредиторлар талап ететін неғұрлым жоғары кірісті көрсетеді.

208-117. Борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақыны уәкілетті органның ведомствосы айқындайды. Егер уәкілетті органның ведомствосы мұндай шешім қабылдамаса, онда борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы 3,5% мөлшерінде белгіленеді.

208-118. Қаржыландыру бойынша қосымша шығыстар борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақының құрамына енгізілмейді.

208-119. Меншікті капиталдың құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$EQUITY = RFR + ERP * BETA,$$

мұндағы:

EQUITY

– меншікті капиталдың құны;

RFR

– тәуекелсіз мөлшерлеме;

ERP

– меншікті капитал бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

Beta

– меншікті капиталдың бета-коэффициенті.

208-120. Тәуекелсіз мөлшерлеме осы Қағидалардың 208-115-тармағына сәйкес белгіленеді.

208-121. Меншікті капитал бойынша тәуекел үшін сыйлықақы кредиттеу субъектісіне кредит берумен байланысты қосымша тәуекелді, демек, кредиторлар талап ететін жоғары кірісті көрсетеді.

208-122. Меншікті капиталдың бета-коэффициенті субъектілердің жалпы Қазақстан Республикасындағы акцияларға инвестициялау тәуекеліне қатысты тәуекелін көрсетеді.

208-123. Айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында меншікті капитал тәуекелі және меншікті капиталдың бета-коэффициенті үшін сыйлықақы мәнін уәкілетті органның ведомствосы әрбір реттеу кезеңі басталар алдында белгілейді.

208-124. Уәкілетті органның ведомствосы түзейтін бастапқы тіркелген мәндер:

- 1) меншікті капитал тәуекелі үшін сыйлықақы 6%;
- 2) меншікті капиталдың бета-коэффициенті 0,89 болып табылады.

208-125. Бір жылда жол берілетін пайда қайта есептелген қолданысқа енгізілген активтерді пайдаланумен жыл сайын қайта есептеледі. Бастапқыда бекітілген және қайта есептелген жол берілетін пайда арасындағы айырмашылық жыл сайынғы түзетуге енгізіледі.

7-бөлім. Өнімділік пен тиімділікті ынталандыру

208-126. Реттеу кезеңінің әрбір жылында өнімділік пен тиімділікті ынталандыру тетігі қолданылады, оның мақсаты субъектіні сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне,

оның ішінде инновациялық шешімдерді ескере отырып қол жеткізуге ынталандыру болып табылады. Уәкілетті органның ведомствосы субъект үшін осы Қағидалардың 208-131, 208-132 және 208-133-тармақтарында көзделген сапа және сенімділік көрсеткіштерінің тізбесінен тиімділік көрсеткіштерін айқындайды.

208-127. Өнімділік пен тиімділікті ынталандыру тетігі жыл сайынғы түзету арқылы іске асырылады, ол тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қатысты қол жеткізілген тиімділік көрсеткіштеріне қарай субъектінің жол берілетін кірісіне енгізілетін жол берілетін пайданы төмендету түріндегі айыппұл санкцияларын көздейді.

208-128. Түзету инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бағытталған жол берілетін пайданың үлесін қоспағанда, реттеу кезеңінің әрбір жылындағы жол берілетін пайданың үлесіне көбейтілген тиімділікке қол жеткізу дәрежесінен пайызбен есептеледі.

208-129. Жол берілетін пайданың үлесін әрбір реттеу кезеңі үшін уәкілетті органның ведомствосы айқындайды. Әдепкі қалпы бойынша мән инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бөлінетін жол берілетін пайданың ең төменгі үлесін шегергендегі жол берілетін пайданың 50% -ына дейін құрайды.

208-130. Уәкілетті органның ведомствосы барлық реттеу кезеңінің ішінде тиімділік пен өнімділікті өлшеу үшін осы Қағидалардың 208-131, 208-132 және 208-133-тармақтарында айқындалған сапа және сенімділік көрсеткіштеріне салмақ коэффициенттерін белгілейді.

208-131. Уәкілетті органның ведомствосы реттеу кезеңі үшін электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

1) жүйенің жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI) – әлемде жалпыға ортақ қабылданған қағидаларға сәйкес ұзақ мерзімді жоспардан тыс ажыратулардың орташа ұзақтығы, сағат;

2) жүйенің жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIFI) – әлемде жалпыға ортақ қабылданған қағидаларға сәйкес ұзақ мерзімді жоспардан тыс ажыратулардың орташа жиілігі, сағат;

3) инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;

4) желілердегі аварияларды жою уақыты, сағат;

5) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірл.;

6) нормативтік ысыраптар деңгейін төмендету, %;

7) тұтынушылардың сұрауларына жауап беру уақыты, минут;

8) жөндеуді (реконструкциялауды, жаңғыртуды, ауыстыруды) уақтылы аяқтау;

9) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық өнімді енгізу;

10) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтау;

11) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін бекітеді.

208-132. Уәкілетті органның ведомствосы жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

- 1) бір жылда жылу энергиясын өндіру көздері бойынша температуралық кестенің жол берілетін мәндерінен ауытқу болуы расталған күндер саны, күндер;
- 2) авариялар саны, бірлік;
- 3) инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;
- 4) жылу энергиясының нормативтік ысыраптарының деңгейін төмендету, %;
- 5) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;
- 6) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық өнімді енгізу;
- 7) жөндеуді (реконструкциялауды, жаңғыртуды, ауыстыруды) уақтылы аяқтау;
- 8) тұтынушылардың сұрауларына жауап беру уақыты, минут;
- 9) желілердегі аварияларды жою уақыты, сағат;
- 10) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтауы;
- 11) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін бекітеді.

208-133. Уәкілетті органның ведомствосы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

- 1) ауыз суды тасымалдаудың технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының тасымалданатын су көлемінің бірлігіне (кВт*сағ/текше м) үлес шығысы;
- 2) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының мерзімінде толық көлемде орындалуы;
- 3) судың нормативтік ысыраптары деңгейінің төмендеуі, %;
- 4) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;
- 5) жөндеу жұмыстарын уақтылы орындау;
- 6) авариялар саны, бірлік;
- 7) рұқсат етілген төгінділердің белгіленген нормативтеріне, төгінділерге арналған лимиттерге сәйкес келмейтін сарқынды сулар сынамаларының үлесі/ауыз су сапасын өндірістік бақылау нәтижесі бойынша пайдаланылған сынамалардың жалпы көлемінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тарату су құбыры желісіндегі ауыз су сынамаларының үлесі, %;
- 8) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық өнімді енгізу;
- 9) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтауы;
- 10) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін, % бекітеді.

208-134. Уәкілетті органның ведомствосы субъект үшін сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің салмақ коэффициенттерін айқындау кезінде мынадай басымдықтарды:

1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатында белгілеген тиісті сектор (сала) үшін мақсаттарды;

2) сапа және сенімділіктің тиісті көрсеткіші бойынша қызмет нәтижелерін бағалау үшін қажетті деректерді алу үшін қажетті деректердің немесе процестердің болуын;

3) субъектінің инвестицияларын;

4) әрбір реттеу кезеңінде субъект үшін таңдалған сапа және сенімділік көрсеткіштерінің өзгерістерін барынша азайту арқылы бір реттеу кезеңінен артық әрекет ететін өнімділік және ынталандыру әдістерін қолдауды;

5) кәсіпорындарда реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша инновациялық шешімдерді енгізуді пайдаланады.

208-135. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің сыйлықақыларын есептеу мақсаттары үшін сапа мен сенімділіктің әрбір көрсеткішіне салмақ коэффициенттерін белгілейді.

208-136. Субъект үшін сапа мен сенімділіктің барлық көрсеткіштері бойынша салмақ коэффициенттерінің сомасы бірге тең.

208-137. Субъект үшін сапа және сенімділік көрсеткіштерінің салмақтық коэффициенттерін белгілеу кезінде уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 208-134-тармағына сәйкес сапа және сенімділік көрсеткішінің салыстырмалы маңыздылығын ескереді.

208-138. Уәкілетті органның ведомствосы субъектілердегі сапа және сенімділік және ресурстардың болуы көрсеткішін жинау, мониторингтеу және тексеру рәсімдерін әзірлеу қажеттілігін негізге ала отырып, белгілі бір реттеу кезеңі шегінде сапаның және сенімділіктің жекелеген көрсеткіштеріне қолданылатын салмақтық коэффициенттерді өзгертеді.

208-139. Белгілі бір реттеу кезеңіне сапа және сенімділік көрсеткішінің салмақ коэффициенттері өзгерген кезде уәкілетті органның ведомствосы субъектілер үшін ортақ тәсілдерге сүйенеді.

208-140. Тарифтік өтінім шеңберінде субъект уәкілетті органның ведомствосына соңғы үш жылдың нақты көрсеткіштерін ескере отырып, субъект үшін белгіленген тиімділік көрсеткіштерінің нақты мәндері туралы деректерді ұсынады.

208-141. Мұндай деректер болмаған жағдайда субъект тиімділік көрсеткіштерімен белгіленген параметрлерді айқындау үшін алдыңғы үш жылдағы нақты мәндері бар мәндерді ұсынады.

208-142. Уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда субъектіден тиімділік көрсеткіштерінің тиісті параметрлерін айқындау үшін қосымша ақпарат пен деректерді сұратады.

208-143. Тарифті айқындау шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы тиімділіктің әрбір көрсеткіші үшін мынадай:

1) төменгі шекаралық нысаналы мән,

2) жоғарғы нысаналы мән,

3) нысаналы көрсеткіштен асып кеткені және оған қол жеткізбегені үшін айыппұл мөлшері (нысаналы мәннен пайызбен көрсетілген), сондай-ақ негіздемемен берілген айыппұлдың ең жоғары рұқсат етілген шектері параметрлерін белгілейді.

208-144. Жыл сайынғы түзету шеңберінде субъект жыл сайын уәкілетті органның ведомствосына:

1) әрбір көрсеткіш бойынша – жоспарлы және нақты көрсеткіштер;

2) нысаналы көрсеткішпен салыстырғанда нақты көрсеткіштер негізінде есептелген әрбір көрсеткіш бойынша әр жылғы айыппұл мөлшерлемесі бойынша тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп береді.

208-145. Неғұрлым жоғары балл көрсеткіштердің жақсарғанын көрсететін әрбір тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті былайша есептеледі:

1) егер нақты көрсеткіштер төменгі шекаралық нысаналы мән мен жоғарғы шекаралық нысаналы мән арасындағы диапазоннан 0-ден 20% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті 100% деңгейінде белгіленеді;

2) егер нақты көрсеткіштер төменгі және жоғарғы нысаналы мәндер арасындағы диапазоннан 20% - дан 80% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті мынадай формулаға сәйкес көрсеткіштер жақсарған сайын пропорционалды түрде азаяды:

$$PF_t = (AKP_{i,t} - LKT_i) / (UKT_i - LKT_i),$$

мұндағы:

$$PF_{i,t}$$

- t жылы қолданылатын i тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті;

$$AKP_{i,t}$$

- t жылындағы i тиімділік көрсеткішінің нақты мәні;

$$LKT_i$$

i – i тиімділік көрсеткіші нысаналы мәнінің төменгі шекарасы;

UKT_i – i тиімділік көрсеткішінің жоғарғы шекаралық мәні;

3) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәннің төменгі шекарасы мен нысаналы мәннің жоғарғы шекарасы арасындағы диапазонның 80% -ынан асатын болса, онда айыппұл коэффициенті 0% деңгейінде белгіленеді.

208-146. Сапа мен сенімділіктің әрбір көрсеткіші үшін, егер неғұрлым төмен баға неғұрлым жоғары көрсеткіштерге дәлел болса, айыппұл коэффициенті былайша есептеледі:

1) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәnniң төменгі шекарасы мен нысаналы мәnniң жоғарғы шекарасы арасындағы диапазоннан 80-нен 100% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті 100% деңгейінде белгіленеді;

2) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәnniң төменгі шекарасы мен нысаналы мәnniң жоғарғы шекарасы арасындағы диапазоннан 20 - дан 80% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті мынадай формулаға сәйкес көрсеткіштердің жақсаруына қарай пропорционалды түрде азаяды:

$$PF_t = (AKP_{i,t} - LKT_i) / (UKT_i - LKT_i),$$

мұндағы:

$$PF_{i,t}$$

– t жылы қолданылатын i тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті;

$$AKP_{i,t}$$

– t жылындағы i тиімділік көрсеткішінің нақты мәні;

$$LKT_i$$

– i тиімділік көрсеткіші нысаналы мәnniң төменгі шекарасы;

UKT_i – i тиімділік көрсеткішінің жоғарғы шекаралық мәні;

3) егер нақты өнімділік төменгі және жоғарғы шекара арасындағы диапазонның 20%-ынан төмен болса, айыппұл коэффициенті 0% - ға тең болып белгіленеді.

208-147. Жалпы ынталандыру айыппұлын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$PI_t = ROC_t \times PSH \times \sum_{KPI=1}^{KPI=N} PWG_{KPI} \times PF_{KPI,t-2},$$

мұндағы:

$$PI_t$$

– t жылғы тиімділікті ынталандыру үшін айыппұл;

$$ROC_t$$

– субъект t жылы қамтамасыз ететін жол берілетін пайда, теңге;

$$PSH$$

– реттеу кезеңіндегі өнімділік үшін ынталандыруға жататын жол берілетін пайданың үлесі;

PWG_{KPI}

– реттеу кезеңінде тиісті сапа және сенімділік көрсеткішіне қол жеткізбегені үшін айыппұлға келетін салмақ (бірге тең салмақ коэффициенттерінің қосындысы кезінде);

$PF_{KPI,t-2}$

– $t-2$ жылы нақты көрсеткіштер негізінде есептелген сапа мен сенімділіктің тиісті көрсеткішіне қол жеткізбегені үшін айыппұл коэффициенті, %.

208-148. Өнімділік үшін айыппұл жыл сайынғы түзету жүргізумен бір мезгілде келесі жылы жол берілетін кірістен ұсталады, ал жол берілетін тарифтер осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес қайта есептеледі.

208-149. Субъект жалпы ынталандыру айыппұлының 0,7 шамасына алып келген және реттеу кезеңінде екі реттен астам тиімділік көрсеткіштеріне жүйелі түрде қол жеткізбеген кезде, уәкілетті органның ведомствосы тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, келесі реттеу кезеңіне арналған тарифті бекітуді шектейді.

8-бөлім. Жыл сайынғы түзетулер

1-кіші бөлім. Жалпы ережелер

208-150. Реттеу кезеңі ішінде әрбір реттеу жылының қорытындылары бойынша жыл сайынғы түзету жүргізіледі және реттеу кезеңінің екінші және кейінгі жылдарында қолданылады.

Реттеу кезеңінің соңғы жылын түзету келесі реттеу кезеңінің бірінші реттеу жылында жол берілетін кірістің бекітілетін шамасында ескеріледі.

208-151. Жыл сайынғы түзету мындай мәндердің сомасы ретінде есептеледі:

1) бекітілген тарифтерді есептеу үшін пайдаланылатын реттеу кезеңінің t жылы ішінде ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтің бекітілген көлемі мен реттеліп көрсетілетін қызметтің нақты көлемі арасындағы айырма;

2) жол берілетін кіріске енгізілген бақыланбайтын шығындардың болжамды мәні мен бақыланбайтын шығындардың нақты мәні арасындағы айырма;

3) амортизациялық аударымдарды және (немесе) жол берілетін пайданы түзету түріндегі бекітілген және нақты күрделі шығындар арасындағы айырма үшін өтемақы;

4) 5 пайыздық тармақтан асқан жағдайларда нақты және болжамды инфляция арасындағы айырма. Мұндай жағдайда бақыланатын шығындар, реттеу кезеңінің бірінші жылының бақыланатын шығындарын қоспағанда, субъектінің негіздеме қоса берілген өтінімі негізінде өткен жылдың нақты инфляциясы деңгейіне түзетіледі.

Пайыздық тармақ пайызбен көрсетілген екі мән айырмашылығының өлшем бірлігі болып табылады.

2-кіші бөлім. Жыл сайынғы түзетуді қарау тәртібі

208-152. Жыл сайын реттеу жылы аяқталғанға дейінгі жылғы 1 мамырдан кешіктірмей субъект уәкілетті органның ведомствосына әрбір реттеу жылының 9 айындағы нақты көрсеткіштерді және 3 айындағы болжамды көрсеткіштерді ескере отырып түзетуге өтінім береді, ол мыналарды:

1) келесі жылдан бастап қолдануға ұсынылатын бақыланбайтын шығындарды, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін;

2) осы Қағидаларға сәйкес активтердің қалдық құнының өзгерістерін, тиімділік көрсеткіштерінің сақталуын және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуын ескере отырып, амортизациялық аударымдар мен жол берілетін пайданы;

3) тариф түзетілгеннен кейін келесі жылға ұсынылатын тарифті растайтын құжаттар мен есептемелер негізінде қалыптастырылды.

208-153. Келесі жылдар үшін жыл сайынғы түзетуді есептеуде нақты қалыптасқан көрсеткіштермен, өткен жылдардағы жыл сайынғы түзетудің шамасын айқындау кезінде пайдаланылған алдыңғы реттеу жылының үш айының жол берілетін кірісін құрайтын болжамды мәндер арасындағы айырмашылық есепке алынады.

208-154. Егер жыл сайынғы түзетуге өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы оны субъектіден жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

208-155. Уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде ақпаратты ұсынбау уәкілетті орган ведомствосының ұсынылған деректер шеңберінде тиісті көрсеткіш бойынша шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-156. Уәкілетті органның ведомствосы келесі реттеу жылы басталғанға дейін күнтізбелік алты күннен кешіктірмей, келесі реттеу жылына түзетілген тарифті бекітеді, өзінің интернет-ресурсында жариялайды және субъектіге хабарлама жібереді.

208-157. Субъект тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ақпаратты кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырумен, өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы бұл туралы тұтынушыларды хабардар етеді.

208-158. Субъект бес жұмыс күні ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

208-159. Егер жыл сайынғы түзетуді бекіту кейінге қалдырылса, онда субъектінің жол берілетін кірісі бекітілген тарифке сәйкес қолданылуы мүмкін тарифтер мен реттеу кезеңінің жаңа жылының басталуы және жаңа тарифтердің күшіне енуі сәтінің арасындағы кезеңде алдыңғы тарифке сәйкес алынатын тарифтер арасындағы айырмаға түзетіледі.

3-кіші бөлім. Жыл сайынғы түзетулерді есептеу тетігі

208-160. Жыл сайынғы түзету мыналарды:

- 1) шекті кірістілікті түзетуді;
- 2) бақыланбайтын шығындар бойынша түзетуді;
- 3) күрделі шығындарды толық қамтамасыз етпеуге байланысты амортизациялық аударымдарды түзетуді өтейтін амортизациялық аударымдар бойынша түзетуді;
- 4) күрделі шығындарды толық қамтамасыз етпеуге байланысты жол берілетін пайдадағы түзетуді өтейтін жол берілетін пайда бойынша түзетуді;
- 5) болжамды және нақты инфляция арасындағы 5%-дан астам айырмаға бақыланатын шығындар бойынша түзетуді қамтиды.

208-161. Жыл сайынғы түзету келесі жылы жол берілетін кіріске қолданылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ADJ_t = RCA_t + UOA_t + DPA_t + RTA_a + IFA_t,$$

мұндағы:

ADJ_t

– t жылғы жыл сайынғы түзету, теңге;

RCA_t

– t жылғы шекті кірістілікті түзету, теңге;

UOA_t

– t жылғы бақыланбайтын шығындар бойынша түзету, теңге;

DPA_t

– t жылғы амортизациялық аударымдар бойынша түзету, теңге;

RTA_t

– t жылғы жол берілетін пайда бойынша түзету, теңге;

$IFA(t)$ – t жылғы болжамды және нақты инфляция арасындағы 5%-дан астам айырмаға бақыланатын шығындар бойынша түзету, теңге.

208-162. Жыл сайынғы түзетуді есептеу кезінде алдыңғы жыл сайынғы түзетулерде пайдаланылған болжамды мәндер мен өткен жылы берілген үш айдың нақты мәндері және кейін алынған факт арасындағы оң немесе теріс айырмашылық ескеріледі.

208-163. Шекті кірісті түзету көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлеміне қарамастан субъектілер алатын толық жол берілетін кірісті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

208-164. Шекті кірісті түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RCA_t = AAT_{t-1} * (VOF_{t-1} - VOA_{t-1}),$$

мұндағы:

RCA_t

– шекті кірісті түзету;

AAT_{t-1}

– сатулар бойынша орташа өлшемді, t-1 жылы бекітілген орташа тариф, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірлігі үшін теңге;

VOF_{t-1}

– t-1 жылы тасымалданатын немесе жеткізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі;

VOA_{t-1}

– t-1 жылы тасымалданатын немесе жеткізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі.

208-165. Бақыланбайтын шығындар бойынша түзету субъектінің нақты бақыланбайтын шығындарды өтеуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

208-166. Бақыланбайтын шығындар бойынша түзету, егер нақты шығындар болжанғаннан жоғары болса, оң болады немесе нақты шығындар болжанғаннан төмен болса, теріс болады.

208-167. Бақыланбайтын шығындарды түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$UOA_t = UOO_{t-1} - UOF_{t-1},$$

мұндағы:

UOA_t

– бақыланбайтын шығындарды түзету;

UOO_{t-1}

– $t-1$ жылғы нақты жиынтық бақыланбайтын шығындар;

UOF_{t-1}

– $t-1$ жылғы болжамды бақыланбайтын шығындар.

208-168. Бақыланатын шығындар бойынша инфляцияға түзету реттеу кезеңінің өткен жылындағы нақты инфляция бақыланатын шығындарды белгілеу кезінде қолданылатын, осы жылға болжамды инфляциядан ең аз дегенде 5 пайыздық тармаққа жоғары немесе төмен нақты инфляция ретінде есептеледі.

208-169. Мұндай жағдайда субъект инфляцияның ықпалына ұшыраған бақыланатын шығындар бөлігінде негіздейтін құжаттарды ұсына отырып, тиісті бақыланатын шығындар үшін инфляцияға түзетуді сұратады.

208-170. Инфляцияға түзету жыл сайынғы түзетуде болжамды және инфляцияның ықпалына ұшыраған бақыланатын шығындардың үлесіне көбейтілген нақты инфляцияның арасындағы пайыздық тармақтардағы айырмаға тең тарифтің ұлғаюы немесе төмендеуі ретінде көзделеді.";

345-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінішті беру кезінде субъект осы Қағидалардың 341-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;

бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш беру кезінде субъект осы Қағидалардың 363-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;

бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш беру кезінде субъект осы Қағидалардың 208-36-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;"

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 143, 144 және 145-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және ирригация
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 182 Бұйрыққа
1-қосымша
Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
143-қосымша
1-нысан

Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісімен тариф бекітуге өтінім _____

(табиғи

монополия субъектісінің атауы) _____

_____ реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
1.	Бақыланатын шығыстар	теңге					
2.	Бақыланбайтын шығыстар	теңге					
3.	Амортизация, оның ішінде:	теңге					
3.1	инвестициялық бағдарламада ескерілген	теңге					

Р/с №	Бап	Өлшем бірлігі	2-жыл**	1-жыл*	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
1	Нақты операциялық шығыстар	мың теңге							
2.1	Нақты инфляция	%							
2.2	Болжамды инфляция	%							
3	Өнімділіктің нысаналы мәні	%							
4	Базалық операциялық шығыстарға енгізілетін өзгерістер	мың теңге							
4.1		мың теңге							
4.2		мың теңге							
4.3		мың теңге							
...		мың теңге							
5	Қадамдық өзгерістер	мың теңге							
5.1		мың теңге							
5.2		мың теңге							
5.3		мың теңге							
...									
А-1	Базалық операциялық шығыстар (1 жыл)	мың теңге							

A-2	Базалық операциялық шығыстар (кейінгі жылдар)	мың теңге							
B	Базалық операциялық шығыстарға енгізілетін қадамдық өзгерістер	мың теңге							
C	Қадамдық өзгерістер	мың теңге							
D	Инфляцияның өзгеруіне түзету	мың теңге							
E	Өнімділікті түзету	мың теңге							
F	Бақыланатын шығыстар	мың теңге							

Ескертпе:

*тариф белгілеудің ынталандыру әдісі бойынша тарифті енгізудің бірінші жылының алдындағы реттеу жылы

** тариф белгілеудің ынталандыру әдісі бойынша тарифті енгізудің бірінші жылының алдындағы екінші күнтізбелік жыл

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

3-нысан

Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісімен тарифті бекітуге арналған бақыланатын шығындар (кейінгі реттеу кезеңдері) _____

_____ (табиғи монополия субъектісінің атауы) _____

_____ реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

...										
A-1	Базалық операциялық шығыстар (1 жыл)	мың теңге								
A-2	Базалық операциялық шығыстар (кейінгі жылдар)	мың теңге								
B	Базалық операциялық шығыстарға енгізілетін қадамдық өзгерістер	мың теңге								
C	Біржолғы қадамдық өзгерістер	мың теңге								
D	Инфляцияның өзгеруін е түзету	мың теңге								
E	Өнімділік ті түзету	мың теңге								
F	Бақыланатын шығыстар	мың теңге								

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " _____ "

Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісімен тарифті бекітуге арналған бақыланбайтын шығындар

(табиғи монополия субъектісінің атауы)

реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
1.	Тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептемелеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейімен байланысты шығыстар, оның ішінде	мың теңге					
1.1.	Ысыраптардың көлемі	кВтсағ/Гкал					
1.2.	Бірлік құны	кВтсағ/теңге немесе Гкал/теңге					
2.	Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған сақтандырудың міндетті түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге	мың теңге					

	арналған шығыстар, оның ішінде :						
2.1.	1-салық	мың теңге					
2.2.	2-салық	мың теңге					
2.3.	3-салық	мың теңге					
...							
3.	Стратегиялық тауарларға және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтерге шығындар	мың теңге					
3.1.	Отын көлемі	Көрсету					
3.2.	Отын бірлігінің құны	Көрсету					
4.	Өзге де шығындар	мың теңге					
4.1.	1-өзге де шығындар	мың теңге					
4.2.	2-өзге де шығындар	мың теңге					
4.3.	3-өзге де шығындар	мың теңге					

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

5-нысан

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы _____

_____ (табиғи монополия субъектісінің атауы) _____

_____ (қызмет түрі)

Инвестициялық бағдарламаның кезеңі: 20__ 20__ жыл аралығында

P/c №	Қызметтің атауы	Бірлік	Саны	Бекітілген сомасы - Жалпы	Нақты сомасы - Жалпы	Бүгінгі күнге жұмсалған нақты сомасы	Бекітілген сомасы - Жыл	Нақты сомасы - Жыл	Қаржыландыру көзі				Кез келген ауытқуларға түсініктемелер	
									Реттелін қызметтен түсетін түсімдер	Борыш	Қолма-қол ақша резервтері	Бюджет қаражаты немесе субсидиялар		Реттелмеген қызметтер
1.														
2.														
3.														
4.														
5.														
6.														
....														

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

6-нысан

Амортизациялық аударымдар және пайда Капиталдың есептік орташа өлшемді құны _____

_____ (табиғи монополия

субъектісінің атауы) _____

_____ (қызмет түрі)

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Бағалау
1.	Борыштық міндеттемелердің құны	%	
1.1.	Тәуекелсіз мөлшерлеме	%	
1.2.	Борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы	%	
2.	Меншікті капитал құны	%	
2.1.	Меншікті капитал тәуекелі үшін сыйлықақы	%	
2.2.	Акционерлік капиталдың бета-коэффициенті		
3.	Меншікті және қарыз капиталдың арақатынасы	%	
3.1.	Компанияның қарыз капиталын бағалау	мың теңге	

2.	Инвестицияларды қаржыландыруға бөлінуге тиіс жол берілетін пайданың үлесі	%					
3.	Амортизациялық аударымдар	мың теңге					
4.	Капитал пайдасы	мың теңге					
5.	Қарызға қызмет көрсетуге арналған шығындар	мың теңге					
6.	Қайта инвестициялануға тиіс амортизациялық аударымдарды және капитал пайдасын бағалау	мың теңге					
7.	Инвестициялық бағдарламаны бағалау	мың теңге					
8.	Жол берілетін амортизация	мың теңге					
9.	Қайта инвестициялау үшін жол берілетін пайда	мың теңге					
10.	Еркін пайдалану үшін жол берілетін пайда	мың теңге					
	Амортизациялық аударымдар						

11.	мен пайдадан ақша ағындары есебінен қаржыландырылатын инвестициялық бағдарлама	мың теңге					
12.	Жаңа борыштық міндеттемелер есебінен қаржыландырылатын инвестициялық бағдарлама	мың теңге					

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

9-нысан

Сапа мен сенімділіктің түйінді көрсеткіштері Алдыңғы кезеңдерде сапа мен сенімділіктің түйінді көрсеткіштерін орындау нәтижелері _____

_____ (табиғи монополия субъектісінің атауы) _____

_____ (қызмет түрі)

Р/с №	Сапа мен сенімділіктің түйінді көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жыл (көрсету)	Жыл (көрсету)	Жыл (көрсету)	Жыл (көрсету)	Жыл (көрсету)
1							
2							
3							
4							
5							

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 182 Бұйрыққа
2-қосымша
Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
144-қосымша
1-нысан

Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп (жыл сайынғы есептілік, реттеу жылының соңында ұсынылады) _____

(табиғи монополия субъектісінің атауы) _____

реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Бас тарту себептері
1	Бақыланатын операциялық шығыстар, оның ішінде:	теңге			
1.1	С а л ы қ аударымдарын есепке алмағанда, еңбекақы төлеуге арналған шығыстар	теңге			
1.2	Әлеуметтік салықтар және әлеуметтік аударымдар	теңге			
1.3	МӘМС				
1.4	Шикізат және материалдар	теңге			
1.5	Жанар-жағармай материалдары	теңге			
1.6	Отын	теңге			
1.7	Энергия				
1.8	Өзге де сатып алынған бұйымдар	теңге			
1.9	Өзге де шығындар (теңге			

	таратылып жазылсын)				
2	Бакыланбайтын операциялық шығыстар, оның ішінде:	теңге			
2.1	Ысыраптар	теңге			=2.1.1 x 2.1.2
2.1.1	Ысыраптар көлемі	кВтсағ			
2.1.2	Ысыраптар бірлігінің құны	теңге/кВтч			
2.2	Отынды сатып алу (жылу генераторлары үшін ғана)				=2.2.1 x 2.2.2
2.2.1	Пайдаланылған отын көлемі				
2.2.2	Отын бірлігінің құны				
2.3	Салықтар	теңге			
3	Амортизациялық аударымдар	теңге			Амортизацияны есептеу туралы жеке нысан бойынша
3.1	оның ішінде инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға	теңге			
3.2	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)	теңге			
4	Жол берілетін пайда (тиімділік үшін сыйақы төлегенге дейін),	теңге			=АРБ x СВСК
4.1	оның ішінде инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін бөлінген	теңге			
4.2	оның ішінде тиімділік үшін сыйақы төлеуді есепке ала отырып	теңге			
	Сапа мен сенімділіктің				

5	түйінді көрсеткіштерін қамтамасыз етпегені үшін айыппұлдар (айыппұл санкциялары)	теңге				
6	Жыл бойы қолданылатын жыл сайынғы түзетулер, оның ішінде:	теңге				Теріс мән ретінде көрсетіледі
6.1	Ш е к т і кірістілікті түзету					
6.2	Бақыланбайтын операциялық шығыстарды түзету					
6.3	Амортизациялық аударымдарды түзету					
6.4	Жол берілетін пайданы түзету					
6.4	Қайтаруға рұқсат етілген түзету					
7	Барлық кіріс	теңге				=1+2+3+4+5+6
8	Көрсетілген қызметтер көлемі	кВтсағ [жылытуға арналған Гкал]				
9	Тариф (ҚҚС-сыз)	кВтсағ/ жылытуға арналған Гкал]				=7 ÷ 8

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " _____ "

2-нысан

Табиғи монополия субъектісінің қаржылық көрсеткіштері _____

_____ (табиғи монополия субъектісінің атауы) _____

_____ реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

Р/с №	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

1.1	Тоқсан	теңге				
1.2	басындағы берешек	А Қ Ш доллары				
2.1	Борыштың негізгі	теңге				
2.2	сомасын тоқсан ішінде өтеу	А Қ Ш доллары				
3.1	Тоқсан	теңге				
3.2	ішіндегі жаңа берешек	А Қ Ш доллары				
4.1	Тоқсанның соңындағы	теңге				
4.2	берешек	А Қ Ш доллары				
5.1	Тоқсанның аяғында	теңге				
5.2	борыштық міндеттемелердің көлемі бойынша орташа өлшемді қалған қолданылу мерзімі теңгемен Тоқсанның аяғында борыштық міндеттемелердің көлемі бойынша орташа өлшемді қалған қолданылу мерзімі АҚШ долларымен	А Қ Ш доллары				
6.1	Тоқсан ішінде төленген	теңге				
6.2	борыш бойынша пайыздар	А Қ Ш доллары				
7.1	Борыштық міндеттемелер бойынша орташа мәндегі пайыздық мөлшерлеме, теңгемен	%				

7.2	Борыштық міндеттемелер бойынша орташа мәндегі пайыздық мөлшерлеме, А Қ Ш долларымен	%				
8.1	Комиссиялар,	теңге				
8.2	сыйлықақылар және т.б.	А Қ Ш доллары				
9.1	Тоқсанның соңындағы резервтік қордағы қаражат	теңге				
9.2	резервтік қордағы қаражат	А Қ Ш доллары				
10.1	Тоқсан ішінде резервтік қор қаражатының өзгеруі	теңге				
10.2	резервтік қор қаражатының өзгеруі	А Қ Ш доллары				

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

3-нысан

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының орындалуы _____
(табиғи монополия субъектісінің атауы) _____
реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы _____

Р/с№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бекітілген сома жиыны	Нақты сома жиыны	Ағымдағы күнге жұмсалған нақты сома	Жыл бойғы бекітілген сома	Жыл бойғы нақты сома	Бас тарту себептері
1.		теңге							
2.									
3.									
4.									
5.									
6.									
7.									
8.									
9.									

Басшы _____

1	Бақыланба йтын шығындар дың жиыны	мың теңге				
2	Ысырапта рды өтеуге арналған шығындар					
2.1	Ысырапта р көлемі	кВтсағ/ Гкал				
2.2	Бірліктің өзіндік құны	кВтсағ/ теңге/ немесе Гкал/ теңге				
3	Бюджетке салықтар және өзге де міндетті төлемдер	мың теңге				
3.	1-салық	мың теңге				
3.2	2-салық	мың теңге				
3.3	3-салық	мың теңге				
4	Отын	мың теңге				
4.1	Отын көлемі	Көрсетілсі н				
4.2	Отын бірлігінің өзіндік құны	Көрсетілсі н				
5	Өзге де шығындар	мың теңге				
5.1	1-өзге де шығындар	көрсетілсі н				
5.2	2-өзге де шығындар	көрсетілсі н				
5.3	3-өзге де шығындар	көрсетілсі н				
В	Бақыланба йтын шығындар ды түзету	мың теңге			=Нақты мән минус ағымдағы жылғы/жылға бекітілген мән плюс нақты мән минус өткен жылғы есептік мән	

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген, табиғи монополия субъектісінің сапа және сенімділік көрсеткіштері _____ (табиғи монополия субъектісінің атауы) _____ реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы

Р/с№	Көрсеткіш	Бағалау	X = неғұрлым төмен мән жақсырақ тиімділікті көрсетеді	Төменгі шекті нысаналы мән	Жоғарғы шекті нысаналы мән	Тиімділіктің нақты көрсеткіште рі	Есептелген айыппұл коэффициенті
1.	Ж о л берілетін пайда (АРБ х СВСК)						
2.	Тиімділік үшін сыйақы есепке алынған ж о л берілетін пайда үлесі	50%					
3.	Айыппұл мөлшері						

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " " _____